

БӨЛІМ: ҒЫЛЫМ

Физика ғылымы нені зерттейді

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/47031/

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Физика ғылымы нені зерттейді, физика дегеніміз не?

Физика дегеніміз не? Физика термині көне грек тілінен табиғат деп аударылады. **Физика ғылымы** табиғатты, әлемді, жаһанды зерттейтің ғылым. Физика — алыс планеталардың қозғалысын, денелердің жерге құлауын, электр тоғын, магнитизмді, оқтың ұшу траекториясын, атомдарды, электрондарды, судың ағысын, желдің соғуын, тағы сол сияқты табиғаттың объектілері және процестерің зерттейді.

Физика ғылымы қазіргі ғылым салалары арасындағы ең іргелілердің бірі. Барлық техникалық құрылғылар физика заңдарына негізделіп жасалады. Компьютерді немесе ұялы телефонды, физика заңдарын білмей отырып жасау мүмкін емес.

Физика ғылымының мақсаты

Физика ғылымының негізгі мақсаты табиғаттағы құбылыстарды зерттеу, түрлі құбылыстардың өзара байланыстарын аңықтау.

Мысалы денелер неге жерге құлайды, допты қатты соқсақ неге доп ұшады, найзағай қалай пайда болады? Бұндай заңдылықтарды зерттеумен физика ғылыми айналысады. Денелердің жерге құлауының себебі бүкіләлемдік тартылыс күші.

Физикада арнайы сөздер, терминдер пайдалынады, мысалы ғарыш деген термин жер бетінен өте жоғары биіктікте басталатың кеңістік, ауасы жоқ кеңістік. Ғарышкерлер ғарышқа ұшады, жер бетінен жүздеген километр биіктікке.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.